

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне өтеусіз негізде техникалық көмек көрсету туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 қарашадағы № 883 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне өтеусіз негізде техникалық көмек көрсету туралы келісімнің жобасы
мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлына Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне өтеусіз негізде техникалық көмек көрсету туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

5

қарашадағы

№ 883

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне өтеусіз негізде
техникалық көмек көрсету туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі

2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімнің 5-бабын іске асыру мақсатында

Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамасы шеңберінде терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге, сондай-ақ осымен байланысты қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл саласындағы өзара мүдделілікке сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қытай тарапы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігін жарактандыруда техникалық көмек ретінде жалпы сомасы 22498087.61 (жиырма екі миллион төрт жүз тоқсан сегіз мың сексен жеті қытай юані және алпыс бір фэнь) болатын тауарды өтеусіз негізде Қазақстан тарапының меншігіне береді, оның тізбесі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Келісімге қосымшада көрсетілген.

2-бап

Қытай тарапы тауарды Қазақстан Республикасының Астана қаласына жеткізеді, онда Тараптардың уәкілетті органдарының өкілдері арасында тиісті актіге қол қойылып, оны қабылдау-беру жүзеге асырылатын болады.

Тауарды Астана қаласына дейін жеткізумен байланысты барлық шығыстарды Қытай тарапы көтереді, ал тауарды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдаумен байланысты одан кейінгі шығыстарды Қазақстан тарапы көтереді.

3-бап

Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес осы Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына техникалық көмек ретінде өтеусіз негізде әкелінетін тауарға кедендік төлемдер мен қосымша құн салықтарын төлеуден босатады.

4-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:
Қазақстан тарапынан: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
Қытай тарапынан: Қытай Халық Республикасы Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі
болып табылады.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешеді.

7-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап өзінің қолданысын тоқтады.

20__ жылғы __ __ __ __ қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және қытай тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігіне өтеусіз
негізде техникалық көмек көрсету
туралы келісімге
қосымша

Қытай Халық Республикасын Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі
Қазақстан Республикасын Ішкі істер министрлігіне техникалық
көмек ретінде өтеусіз негізде беретін тауардың тізбесі

Р/с №	Тауардың толық атауы	Саны	Моделі	Бірлігі үшін бағасы , валюта	Жалпы құны, валюта
1	2	3	4	5	6
1.	Тобырға деморализациялау әсерін тигізетін құралдар	2 дана	POWER-HEX	182043.805 юань	364087.61 юань
2.	Тексеріп қарайтын жиектемелі металл детектор	50 дана	TS1208	17500.000 юань	875000.00 юань
3.	Тексеріп қарайтын қол металл детекторы	100 дана	TS92	1310.000 юань	131000.00 юань
4.	Рентген-телевизиялық қондырғы	10 дана	SMS-6550	186600.000 юань	1886000.00 юань
5.	Тепловизор	20 дана	Ti100	48700.000 юань	974000.00 юань

6.	Жылжымалы арнайы қауіпсіздік кедергілері	8000 метр	ZLZB-G218	1305.000 юань	10440000.00 юань
7.	Алып жүретін транкингтік цифрлық радиостанция	1000 дана	T8000	5330.000 юань	5330000.00 юань
8.	Электрошок құрылғысы	1000 дана	JD60D	1200.000 юань	1200000.00 юань
9.	Электромобильдер	20 дана	G6T02AR	65900.00 юань	1318000.00 юань
Жалпы құны					22498 юань 087.61

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК